

Мемлекеттік қызметшілердің салық салынуға тиіс кірістері мен мүлігін мәлім етуі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 19 қарашадағы N 3225 . Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Республика Президентіне тікелей бағыныстағы және оған есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшылары он күн мерзімде салық қызметі органдарына өздерінің салық салу объектілері болып табылатын алған кірістері және меншік құқығы бойынша өздерінің еншісіндегі мүлігі туралы мәлімет беретін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі (Қажыгелдин Ә.М.):

1) бір ай мерзімде "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 15-бабы 2-тармағының және 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасының атқарылуы туралы баяндайтын болсын;

2) он күн мерзімде мемлекеттік қызметшілердің, Қазақстан Республикасы Парламенті және мәслихаттары депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, судьялардың, Ұлттық Банктің және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың лауазымды адамдарының өздерінің кірістері мен мүлігі туралы мәлімдеулерін міндетті түрде жыл сайын ұсынып отыруын көздейтін заң жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізетін болсын.

3. Осы Өкімнің атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне (Әбдікәрімов О.) жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті